



**"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20579 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментімен (А.Ж.Тойбаев) бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Білім және ғылым министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 4 мамырдағы № 180  
Бұйрыққа 1-қосымша

**"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 12.03.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Мемлекеттік қызмет техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санатқа жататын жеке тұлғаларға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға немесе олардың ата-аналарына немесе басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Көрсетілетін қызметті алушы тегін тамақтануды алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - Стандарт) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және (немесе) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы не "Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

5. Құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілігін растайтын, отбасыларда тәрбиеленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат, қорғаншылық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие туралы мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны

туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге қарауға жолдайды.

Құжаттар портал арқылы түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттардың Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, қорытындысы бойынша Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама дайындайды және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде және (немесе) Мемлекеттік корпорацияда жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде қолма-қол беріледі.

Бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізу мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қараудың жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Көрсетілетін қызметті алушының (өкілдің) өтініші болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай бойы Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті берушіге талап етілмеген ретінде қайтарылады.

10. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген

тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**11. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 12.03.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы өтініш көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

13. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсеткен көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырылуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі және  
жоғары білім беру ұйымдарында  
білім алатын және тәрбиеленетін  
жекелеген санаттағы  
азаматтарға, сондай-ақ  
қорғаншылықтағы  
(қамқоршылықтағы) және  
патронаттағы адамдарға тегін  
тамақтандыруды ұсыну"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті  
берушінің атауы)  
білім беру ұйымының басшысы

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
мекен-жайы бойынша тұратын

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті  
алушының  
Т.А.Ә.(бар болған жағдайда))

**Өтініш**

Сізден

\_\_\_\_\_  
(оқу орнының атауы)

\_\_\_ курсы \_\_\_\_\_ тобында білім алатын ұлым (қызым)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

тегін тамақтандыруды ұсынуды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға

келісім беремін.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

"Техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі және  
жоғары білім беру ұйымдарында  
білім алатын және тәрбиеленетін  
жекелеген санаттағы  
азаматтарға, сондай-ақ  
қорғаншылықтағы  
(қамқоршылықтағы) және  
патронаттағы адамдарға тегін  
тамақтандыруды ұсыну"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің  
м.а. 12.03.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну"

көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Мемлекеттік қызметті берушінің кәсіптік, орта білімнен кейінгі (немесе) жоғары оқу орнына баулау ұйымдары" көрсетеді
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (жеткізу арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің; 2) "Азаматтарға арналған үкіметтік компания" коммерциялық заңды тұлғасының (бұдан әрі - компания); 3) "электрондық үкіметтің" порталы (бұдан әрі - портал) арқылы асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушінің компанияға құжаттар топтамасын қабылдау күнінен бастап - 5 жұмыс күні ішінде; Мемлекеттік компанияға қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік компанияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруіне дейін бір тәуліктен кешіктірмей қамтамасыз етеді; 2) көрсетілетін қызметті берушінің компанияға топтамасын тапсыру үшін қажетті құжаттар күтудің барынша рұқсат етілген мерзімінен бастап - 5 минут, Мемлекеттік компанияға; 3) көрсетілетін қызметті алушының компанияға берушінің кеңсесі арқылы қажетті құжаттар барынша рұқсат етілген уақытта; Мемлекеттік компания арқылы; Портал арқылы жүгінген жағдайда; қызметті алушының "электрондық үкіметтің" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету салудың қабылданғаны туралы хабарлама ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні мен уақыты көрсетіледі жіберіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (автоматтындрылған)/қағаз
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Тегін тамақтандыруды ұсыну немесе осы мемлекеттік көрсету стандартының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негізінде мемлекеттік қызметті көрсету туралы дәлелді жауап. Порталда көрсетілетін қызметті

		"жеке кабинетінде" мем. көрсету нәтижесі жолданады
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерінен бастап жұмасын күні дүйсенбіден бастап жұмасын күніне көрсетілетін қызметті беру жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 18.00-ден бастап жұмасын күніне дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерінен бастап жұмасын күніне дүйсенбіден бастап жұмасын күніне үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 20.00-ден бастап жұмасын күніне дейін.</p> <p>3) портал: жөндеу жұмыстарының Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында белгіленген баулау және қамқорлықтың байланысты техникалық үзілістері тәулік бойы (көрсетілетін қызметті беру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында белгіленген сәйкес жұмыс уақыты аяқталғанға дейін) демалыс және мереке күндерінен бастап жұмасын күніне өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті беру кестесіне көрсету нәтижесін беру кестесіне жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті беру мекенжайында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында;</p> <p>3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында</p>
8	Құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті беру мекенжайында Мемлекеттік корпорацияға:</p> <p>1) белгіленген нысандағы өтініш;</p> <p>2) туу туралы куәлік және баланың отбасылардың балалары үшін туу туралы анықтаманың тамызға дейін туылған жағдайда;</p> <p>3) қорғаншылықтың патронаттық тәрбиелеудің анықтамалар - жетім балалардың қамқорлығынсыз қалған балалар тәрбиеленетін балалар үшін;</p> <p>4) мүгедектігі туралы анықтаманың және бала кезінен мүгедектігі туралы психологиялық-медициналық консультацияның қорытындысы.</p>



		<p>мүмкіндіктері шектеулі бала.</p> <p>5) өтініш берушінің (отбасын қорғаушы органдар ұсынған) атаулы әлеуметтік көмек тиесілілігін растайтын анықталған әлеуметтік көмек алуға отбасылардан шыққан балалар.</p> <p>6) табысы туралы мәліметтер ата-аналардың немесе олар қамқорлаған адамдардың еңбекақысы, кәсіби және басқа да қызмет табыстар, балаларға жасаған асырауындағыларға алимент табыстар) - мемлекеттік көмек алмайтын, жан басына табысы ең төменгі күнкөріс отбасылардан шыққан балалар.</p> <p>Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 13 қарашадағы № 108-VІІІ заңымен бекітілген Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту 2014-2017 жылдарға арналған "Еңбексіздіктің алдын алу бағдарламасының бірінші кезеңінің нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру білікті жұмысшы кадрларды қарастыратын техникалық және білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша студенттер, сондай-ақ техникалық білімі бар кадрларды дамытуға оқитын студенттер үшін:</p> <p>1) белгіленген нысандағы өтініш;</p> <p>2) оқу орнына қабылдау туралы 2,3,4-тармақтарда көрсетілген түпнұсқаларда және көшірмелерін салыстырып тексерілгеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады.</p> <p>Порталда:</p> <p>1) белгіленген нысандағы өтініш;</p> <p>2) туу туралы куәлік және отбасылардың балалары үшін тууы тамызға дейін туылған жағдайда;</p> <p>3) қорғаншылықты қанағаттандыру патронаттық тәрбиелеуді қанағаттандыру электрондық анықтамалар - қамқорлы ата-анасының қамқорлы отбасыларда тәрбиеленетін балалар;</p> <p>4) мүгедектігі туралы электрондық анықтамалар - мүгедектер және бала кезінде ауру немесе психологиялық педагогикалық консультация</p>
--	--	---

		<p>қорытындысы - даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін;          балалар үшін;          5) өтініш берушінің (отбасының) атақарушы органдар ұсынатын атаулы әлеуметтік көмек тиесілілігін растайтын анықтамалар - атаулы әлеуметтік көмек құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін;          6) табысы туралы мәліметтер (ата-аналардың немесе олардың адамдардың еңбекақысы, кәсіпкерлік және басқа да қызмет табыстар, балаларға және асырауындағыларға алимент табыстар) - мемлекеттік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін отбасылардан шыққан балалар үшін;          Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 13 қарашадағы № 101-VІІІ заңымен бекітілген Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған "Еңбексіздіктің алдын алу бағдарламасының бірінші кезеңінің іс-шараларының нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білікті жұмысшы кадрларды даярлауға қарастыратын техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша студенттер, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға оқытын студенттер үшін:          1) белгіленген нысандағы өтініш;          2) оқу орнына қабылдау туралы шешім;          Көрсетілетін қызметті алу үшін атаулы әлеуметтік көмек алуға отбасылардан шыққан балалар үшін атақарушы органдар ұсынатын атаулы әлеуметтік көмек берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын отбасыларда тәрбиеленетін балалардың ата-анасының қамқорлығына жетпейтіндігі үшін - жеке басын куәландыратын қорғаншылық (қамқоршылық) туралы мәліметтер;          қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден "электрондық" арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті

	бас тарту үшін негіздер	құжаттардың және (немесе) деректердің (мәліметтердің) анықтау; 2) көрсетілетін қызметті заңды күшіне енген, көрсетілетін қызметті ал көрсетілетін қызметті алуға (құқықтан айырылған сот шешімдерімен)
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Организм функциясы тұрақты және өзі қызмет көрсету, өздігінен қабілетін немесе мүмкіндігін ішінара жоғалтқан көрсетушілерге мемлекеттік қызметтің құжаттарды қабылдауды Басқарманың орталығының 1414, 8 800 жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне отырып, Мемлекеттік қызметкерлері жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушыларға қызметті көрсету тәртібі мемлекеттік акпаратты қашықтықтан қолдану порталдағы "жеке кабинет" арқылы қызметті берушінің анықтауына сондай-ақ 1414, 8 800 00 байланыс орталығы арқылы қол жетімді бар.

"Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімнің жоғары білім беру ұйымының білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) патронаттағы адамдарды тамақтандыруды ұсыну туралы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3-қосымша Нысан

**Тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама**

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

беру ұйымында

білім

20\_\_-20\_\_ оқу жылында тегін тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылар

тізіміне енгізілгені үшін берілді.

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы

\_\_\_\_\_  
(білім беру ұйымы  
басшысының қолы)

"Техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі және  
жоғары білім беру ұйымдарында  
білім алатын және тәрбиеленетін  
жекелеген санаттағы  
азаматтарға, сондай-ақ  
қорғаншылықтағы  
(қамқоршылықтағы) және  
патронаттағы адамдарға тегін  
тамақтандыруды ұсыну"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты Мемлекеттік корпорация (мекен-жайын көрсету) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_;

2) \_\_\_\_\_;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)  
қызметкерінің қолы)

\_\_\_\_\_  
Мемлекеттік корпорация

\_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (қолы)

Алдым: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (көрсетілетін қызметті алушының қолы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 4 мамырдағы № 180  
Бұйрыққа 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15744 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 10 қазанда жарияланған);

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 124 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16806 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 11 мамырда жарияланған);

3. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 64 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18299 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 3 сәуірде жарияланған) .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК